



**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



Келісемін:   
әдіскер  
К.С.Тусипова  
«02» 09 2021 ж

Қаралды:   
Бірлестік отырысында  
Хаттама № 7  
«02» 09 2021 ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
бағдарламасының мазмұнын іске асыруда  
қазақ тілі бойынша «Айбөбек» ересек тобының  
вариативтік компоненті**

Қазақ тілі пәні мұғалімі: Тусипова К.С

## 4-5 жастағы балаларға арналған «Қазақ тілі» бағдарламасы (Вариативтік компонент)

### Түсіндірме хат

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ, тіл жаттығулары балалардың:

- нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындайды;
- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- елестету арқылы қиялын дамытады;
- әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қиын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айтып үйренеді;
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырған бағдарламада саусақ, тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің үлгілері берілген.

**Мақсаты:**

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

**Міндеттері:**

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

### Тақырыптық жоспар

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты	Көрнекіліктер
Қыркүйек	1.	Сәлем- сөздің анасы	Суретке қарап сөйлемдер құрау. Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту	1	13.09	Күз мезгіліне байланысты сурет
	2.	Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз»	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	1	27.09	Отбасы туралы сурет; Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрме жасау
Қазан	3.	Күз кереметі. Жемістер. Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата	1	04.10	Жемістер суреті



			білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру			
	4.	Саусақ жаттығуы «Моншақ»	Саусақ жаттығуы «Моншақ»	1	18.10	Моншаққа байланысты мазмұнды суреттер
Қараша	5.	Ойыншықтар. Саусақ жаттығуы «Тыңдамайтын доп»	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға баулу. Антоним сөздер туралы түсіндіру	1	15.11	Ойыншықтардың суреттері
	6.	Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	1	29.11	Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша сурет
Желтоқсан	7	Қысқа дайындық. Тіл жаттығуы «Дауыстарын қайтала»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	06.12	Жануарлар суреттері, аудио, видео таспалар
	8.	Менің Қазақстаным. Саусақ жаттығуы «Үй»	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Еліміздің рәміздері, астана туралы түсіндіру	1	20.12	Рәміздер, Астана туралы бейне ролик
Қаңтар	9.	Қыс қызығы. Саусақ жаттығуы «Аққала»	Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	03.01	«Қыс қызығы» картинасы
	10	Киімдер.	Киімдер туралы	1	17.01	Жыл мезгіліне

		Саусақ жаттығуы «Қолшатыр»	түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдер туралы әңгімелесу			байланысты киімдер суреттері
Ақпан	11	Жабайы аңдар. Саусақ жаттығуы «Қорбаңбай аю»	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын байыту	1	07.02	Жабайы аң туралы ертегі слайды, аудио, видео таспалар
	12	Көлік түрлері. Саусақ жаттығуы «Ұшақ»	Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	21.02	Көлік түрлері туралы слайд, аудио, видео таспалар
Наурыз	13	8 наурыз – Аналар мерекесі. Саусақ жаттығуы «Гүл тереміз»	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оқу. Сөздерді анық айтқызу	1	07.03	Ана туралы өлең (Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша)
	14	Наурыз – жыл басы. Дидактикалық ойын «Сандық»	Наурыз мерекесі туралы түсінік. Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу	1	21.03	Наурыз мерекесі туралы бейне ролик
Сәуір	15	Буынға бөлейік. Саусақ жаттығуы «Торғай мен түлкі»	Сөздерді буынға бөлдіру. Олардың неше буыннан тұратынын анықтау. Қол жаттықтыру	1	04.04	Торғай мен түлкі суреттері

Мамыр	16	Менің сүйікті қалам. Саусақ жаттығуы « Күн мен гүл»	жаттығулары Қала туралы әңгімелеу	1	18.04	Қала туралы бейне ролик
	17	Менің достарым. Саусақ жаттығуы « Күн көжею»	Қоршаған орта, достар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрату	1	02.05	«Менің достарым» картинасы
	18	Ыдыстар. Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды толықтыр»	Ыдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту, жұмбақтар шешкізу. Сөйлемдер құрастырту	1	16.05	«Ыдыстар» картинасы сериясы
				<b>18 сағат</b>		